

«Көп бейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК –ны, 2024 жыл 3-ші тоқсаны, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі туралы Ережесімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатымен, іскерлік әдеп-үлгілік Кодексімен қызметкерлерді таныстырып, барлық қызметкерлер ҚР қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтауы тиіс екенін түсіндіру туралы жиналысының

ХАТТАМАСЫ № 6

Кіші мәжіліс залы

Басталуы: сағат 14:00

Аяқталуы: сағат 15:00

Қызылорда қаласы

30 қыркүйек 2024 ж.

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Көп бейінді қалалық ауруханасы» ШЖҚ КМК-ны (әрі қарай – аурухана) сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі туралы Ережесімен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатымен, іскерлік әдеп-үлгілік Кодексімен қызметкерлерді таныстырып, түсіндіру.

Қатысқандар: кәсіпорын қызметкерлері.

Күн тәртібінде қаралатын мәселе: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі туралы Ереже, сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясат, іскерлік әдеп-үлгілік Кодексімен қызметкерлерді таныстырып, түсіндіру.

Жиналыс төрайымы А.Жүсіпова сөз сөйледі: Құрметті, әріптестер! Кейбір мемлекеттік жұмыста жүрген жұмыскерлердің сыбайлас жемқорлық қылмыстарының және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен жұмыскерлердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кейбір мемлекеттік қызметкерлермен жұмыскерлердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік мекеме басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізбеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек.

Ол үшін барлық қызметкерлер сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтарды болдырмауға және бас дәрігер бекіткен сыбайлас

жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі туралы Ережесінің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы Саясатының, іскерлік әдеп үлгілік Кодексінің қағидалары мен талаптарын сақтауға міндетті екенін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының нормаларын сақтауы тиіс екенін хабарлаймын.

Жиналысқа қатысқан аурухана қызметкерлері; толығымен қуаттап, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу әр азаматтың міндеті екені туралы пікірлерін білдірді.

Жиналыс төрайымы:



А.Жүсіпова

Хатшы :



Қ.Алибеков